

Мобильді Құрылғылар

Nokia Corporation — коммуникация саласындағы ірі трансұлттық корпорация. Бас кеңсесі Финляндияның Эспоо қаласында орналасқан (Ел астанасы Хельсинкиге серіктес қала). Компания өзінің телефондары мен смартфондары арқасында кең танымал. Компанияның 120 елде өкілдіктері бар және 130 000-ға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Компанияның сауда-саттық операциялары 150 елде жүреді, 2010 жылы жылдық табысы 42 млрд. АҚШ долларын құраса, таза пайдасы 2 млрд. АҚШ доллары болған. Компания 2011 жылдың бірінші жартысында барлық ұялы телефон нарығының 23 пайызын иеленген.

Nokia-ның негізін қалаған Оңтүстік Финляндия тұрғыны – Фредрик Идестам, алғаш жұмысын қағаз шығару өндірісімен бастаған ол әртүрлі өндірістік салаларда: қағаз, резеңке, химиялық заттар, электроника өндірумен айналысып, 1965 жылы телекоммуникация және бейнетехнологиялық бұйымдар шығаруды жолға қояды.

1980 жылдың соңында Еуропада ақпараттық технология, ірі провандер және телевизиондық жабдықтар өндіру бойынша 3-орынды иеленеді. Бренд әртүрлі нарықтық категориядағы тауарларды өндіретіндіктен, тұтынушылар арасында белгілі бір нақты сала бойынша танымал болмады.

1990 жылғы экономикалық құлдырау Nokia компаниясына үлкен ауыртпалықтар әкеліп, біршама күрделі мәселелер туындатып, зардабын тигізеді. 1992 жылы Йорма Олилла компанияға президент болып бекиді. Ол компанияның нарықтағы тауар түрінің біреуін ғана өндіріп, оны жетілдіруге баса назар аудару қажеттігін және компания жұмысының өнімділігін сонымен ғана арттыратындығын жете түсініп, ендігі іс барысын соған бейімдейді. Осылайша телекоммуникация нарығы жаңа қадаммен жұмысын бастайды.



Фредрик
Идестам, Nokia-
ның
құрылтайшысы

Statesman Лео
Мешелин, Nokia-
ның
құрылтайшысы

Тәуекелі мол бұл шешім ұзамай-ақ нәтижесін көрсете бастайды. Компанияның ісі алға басып, шешімнің оң болғандығын көрсетіп, мультимедиялық өнімді өндіруде компанияны бүкіл әлемге әйгілі етті. Қазіргі таңда Nokia ұялы телефонымен әлемдік нарықтың үштен бір бөлігіне ие болып, Еуропа нарығының 50 пайызын иемденіп отыр.

Nokia мультимедиялық құрылғылар мен ұялы телефондарды жетілдіруді жолға қойған жетекші компания болып саналады. Қазіргі кезде де Nokia ұялы телефон шығарушы компаниялар - бәсекелестері арасында жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген, өнімі бірқатар артықшылықтарға ие бірден бір компания. Бұл компанияның ұялы телефондар нарығында алда келе жатқандығын білдіреді.

Концентрация Компанияның тауар нарығында көп жылдар бойы қалыптасқан әртүрлі өнім шығаруды тоқтатып, бір ғана нарық категориясына көшуі, дұрыс шешім, оң қадам болды. Осының арқасында Nokia 2002 жылы ең алдыңғы халықаралық жүз көшбасшы компанияның бірі ретінде саналып, бренд, АҚШ-та глобальді марка болып танылды.

Nokia компаниясының жеке көрсеткіштері 2010 жылы компанияның ұялы телефондардың халықаралық нарығында 32%-дық көрсеткішке (бір жыл бұрын 34%) ие болғандығын көрсетеді. Ал Garther бағалауы бойынша көрсеткіш біршама төмендеген, 2010 жылы 28,9 % (бір жыл бұрынғы көрсеткіш 36,4%) болған

2009 жылдың 12 тамызында Nokia және Microsoft серіктестік жайында келісімге келді. Келісім бойынша екі компания Microsoft Office Mobile-ді және Symbian операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс жасайтын, Nokia смартфондарына арналған бірлескен желі құрал-саймандарын жасауға кіріседі. Нәтижесінде E сериялы бизнес-смартфондарының шығуымен басталған құрылғылар халықаралық нарықта кең түрде таралады. Алдағы уақытта да осындай жетілдірілген жаңа өнімдерді бірлесіп шығару ісі жоспарланған. 2011 жылы 11 ақпанда Nokia Microsoft-пен толық серіктес болу жөніндегі шешімін жариялайды. Өздерінің ұялы телефондарына Windows Phone операциялық жүйесін қолдану жөнінде шешім қабылданады. Бұл платформа Nokia смартфондарының басты құраушы стратегиясы болу керек еді. Ресми емес дереккөздерге сүйенетін болсақ Microsoft компаниясы Nokia-ға Windows Phone жүйесіне өткені үшін 1 млрд доллар шамасында ақша төлеген. Сонымен қатар компания Symbian операциялық жүйесінен толық бас тартпайтындығын және ол кейбір смартфон үлгілерінде қолданылатындығы айтылды. Bing – гаджеттерді негізгі іздеуші және Nokia сервисі болып қалды. Windows Phone операциялық жүйесінде жұмыс жасайтын Nokia ұялы телефондарын 2012 жылдың басында шығару жоспарланып отыр.

Nokia компаниясының өз телефон құрылғыларын ОС Windows Phone операциялық жүйеге көшіруі компанияның серіктестері мен Финляндиядағы ірі телефон компанияларының қызметкерлерінің арасында әртүрлі көзқарас тудырды.

Альянс жайындағы хабар тарағаннан кейін компания акциялары 14%-ға төмендеді. Бұл жағдай 2009 жылғы шілдедегі ең төменгі көрсеткіш болды. 2011 жылдың 16 мамырда Nokia өз блогында Ovi брендінен бастарту ниетін білдірді. Ол музыкалық сервистерді, қосымшалар магазинін және басқа да көптеген Nokia Services компаниясының фин сервистерін біріктіретін. Компания өкілдерінің айтуы бойынша Ovi-дан бас тартқаннан кейін Nokia өзінің брендін күшейтуді жоспарлап отыр.

Nokia сервисінің ребрендингі баяу жүруде. Ол 2011 жылдың шілдесінен басталып 2012 жылдың соңына дейін аяқталады. 2011 жылы 26 қазанда Windows Phone 7.5 операциялық жүйесінің базасындағы Nokia ұялы телефондары - Lumia 800 және Lumia 710 Nokia смартфондарының презентациясы өтті. 2008 жылы 28 қаңтарда Nokia компаниясы Trolltech-ті сатып алады. Олар Qt кітапханасын ойлап тапқан компания болатын. 2008 жылы 2 желтоқсанда Nokia компаниясы Symbian Ltd. компаниясын сатып алу жұмыстарын аяқтады. Кейінірек ол Symbian Foundation деп атауын өзгертті.

1. Мыналардын қайсысы мобильды құрылғыға жатады?

- A) ноутбук
- B) ультрабук
- C) компьютер
- D) нокиа
- E) нетбук

2. IPod мобильды құрылғысы қай компанияның саудалық маркасы?

- A) самсунг
- B) нокиа
- C) apple
- D) acer
- E) LG

3. Смартфон дегеніміз не?

- A) радиожелі арқылы байланыс жасауға арналған құрал
- B) операциялық жүйе
- C) дербес компьютер
- D) қалта дербес компьютерімен салыстырылатын ұлғаймалы функционалдық жылжымалы мобильді телефоны
- E) суретке түсіруге арналған құрал

4. 9 қаңтар 2007 жылы MacWorldExpo конференциясында көпшілікке таныстырылған мобильді құрылғы?

- A)самсунг
- B)нокиа
- C) LG
- D)lenovo
- E) iPhone

5. Android «Early Look» SDK жасаушыларына арналған алғашқы нұсқасы қай жылы жаряланды?

- A)2007
- B)2009
- C)2010
- D)2008
- E)2006

6.Nokia телефондары 2012 жылдан бастап қандай операциялық жүйемен жұмыс жасай бастады?

- A)ios
- B)linux
- C)android
- D)symbian
- E) Windows Phone

7. iPhone мобильды құрылғысы қандай операциялық жүйеде жұмыс істейді?

- A) Windows Phone
- B) ios
- C) symbian
- D) linux
- E) android

8. Samsung мобильды құрылғысы қандай операциялық жүйеде жұмыс істейді?

- A) ios
- B) linux
- C) symbian
- D) Windows Phone
- E) android

9. Мобилді құрылғыларға арналған ашық стандарттар жасау мақсатында құрылатын [Open Handset Alliance](#)(ОНА) компания тобының құрылуы жөнінде қай жылы хабарлады?

- A) 2002
- B) 2009
- C) 2011
- D) 2007
- E) 2006

10. Google компаниясы T-Mobile мобилді оператормен және тайваньдық HTC компаниясымен бірге жаңа Android 1.0 платформасының базасында жұмыс жасайтын қандай смартфон шығарылды?

- A) T-Mobile G1
- B) Ihone 3G
- C) HTC one
- D) Samsung duos
- E) Nokia